

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 маусымдағы N 991 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 шілде N 992. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 579 қаулысымен. ~P020579

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының салық төлеушілерін есепке алуудың автоматтандырылған бірыңғай деректер банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 маусымдағы N 991 Р000991_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 27, 327-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін құру туралы";

2) кіріспедегі және 1-тармақтағы "салық төлеушілерін есепке алуудың автоматтандырылған бірыңғай деректер банкін" деген сөздер "салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 2-тармақтағы "салық төлеушілерді есепке алуудың автоматтандырылған бірыңғай деректер банкін" деген сөздер "салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі 2001 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде мынадай мемлекеттік органдармен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен;

2) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен;

3) Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен;

4) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен;

5) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен

;

6) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен;

7) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен;

- 8) Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен;
- 9) Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігімен;
- 10) Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігімен бірлесіп Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу үшін ақпарат алмасудың хаттама-регламенттерін өзірлесін және бекітсін.

Хаттама-регламенттер жоғарыда аталған Ереженің 2-тармағында көрсетілген өзге де мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, 2001 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімде бекітілсін".

- 5) көрсетілген қауымен бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілерін есепке алудың бірыңғай автоматтандырылған деректер банкін жүргізу ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесі";

1-тармақтағы "салық төлеушілерін есепке алудың бірыңғай автоматтандырылған деректер банкін" деген сөздер "салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК